

**“Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық
тілдерді оқыту орталығы” КММ**



ТІЛ – ТҮФҮРЛЫ ТЕМІРҚАЗЫҚ дөңгелек үстел

2018 жыл

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні және қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ақын, публицист, педагог және қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың туғанына 145 жыл толуына орай қазақ тілі курсы тыңдаушылары арасында «Тіл – тұғырлы темірқазық» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Откізілетін топ: қазақ тілі курсының тыңдаушылары

Откізілетін орын: Тілдерді оқыту орталығы, 311 каб.

Тақырыбы: «Тіл – тұғырлы темірқазық»

Мақсаты: Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насхаттау, рухани жаңғыру бағдарламасының басты бағыттарының бірі – латын әліпбие көшудің тиімділігі. А.Байтұрсыновтың тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиеңін жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы еңбектерінен мәлімет беру.

Көрнекілігі: тіл туралы ұлылардың ойлары: «Тіл – ұлттың жан дүниесі», «Тәрбие басы – тіл», «Тіл жоқ жерде – ұлт жоқ», суреттер, т.б.

Түрі: дөңгелек үстел

Дөңгелек үстелдің барысы:

Кіріспе сөз:

Сәлеметсіздер ме? Құрметті бүгінгі дөңгелек үстелге жиналған қонақтар, тіл үйренушілер! Сіздерді өткір тілді, дархан пейілді, қазақ елінің Тілдер күні мерекесімен мен шын жүректен құттықтаймын!

«Адамға екі нәрсе тірек тегі,

Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі», — деп Жұсіп Баласағұн бабамыз айтқандай кез - келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ.

Былғы жылдың 5 қыркүйегі Қазақстан халқы тілдерінің күні қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ақын, публицист, педагог және қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың 145 жылдық мерейтойына арналуда. Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев 2017 жылдың 31 қазаны күні «Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» №689 ҚР Үкіметінің қаулысына қол қойды. Осыған орай, Қазақстан Халқы тілдері күні 5 қыркүйек яғни А.Байтұрсыновтың туған күні тойланатын болды.

Ендеше «Тіл – тұғырлы темірқазық» атты дөңгелек үстел басындағы ой бөліске қош келдіңіздер!

Ең алдымен сіздерді бүгінгі қонақтарымызбен таныстырып өтейін.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының казақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі **Әуезова Шынар Серікқызы**

Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығының әдіскері **Муханбетжанова Жазира Мизамхановна**

Торғай аграрлық-техникалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы **Балмашева Бағила** және ағылшын тілі пәнінің оқытушысы **Қаражігітова Дана Таттигалиевна**.

Дөңгелек үстелдің мақсатымен сұрақтарына тоқталып өту.

(Слайд мақсаты, міндеті)

Оқытушы:

Біздің бақытқа жетер даңғыл жолымыз - туған Отанымызды, туған тілімізді сүюден басталады. Сондықтан да, бүгінгі мақсатымыз - ұлтшыл емес, ұлттық сана - сезімі мол, Отанын, ана тілін өз анасынан кем сүймейтін азамат пен азаматша болуға тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мәртебесі мен маңызын кеңінен насхаттау, рухани жаңғыру бағдарламасының басты бағыттарының бірі – латын әліпбіне көшудің тиімділігі туралы терең мағлұмат беру, Сонымен қатар А.Байтұрсыновтың тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табигаты, өзгешеліктері, араб әліпбінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы енбектерінен мәлімет беру.

Бүгінгі дөңгелек үстелде талқыланатын сұрақтарды талқыламас бұрын қазақ жазуындағы қолданылып келген әліпбилер тарихы туралы, оның ішінде А.Байтұрсыновтың ұсынған қазақ әліпбінің маңызы туралы **Әуезова Шынар Серікқызы таратып айттып береді.** (слайд баяндама тақырыбы).

Қазақ тілінің әліпбі тым тереңнен тамыр тартатыны белгілі болды. Ендеше алғашқы талқылайтын сұрақтармен таныс болыңыздар.

Дөңгелек үстелде талқыланатын сұрақтар:

(Слайд)

1. Латын әліпбіне көшудің тиімді де пайдалы тұстары

Эффективные и полезные стороны перехода на латинский алфавит

2. Латын әліпбіне көшудің тиімсіз тұстары

Не эффективные стороны перехода на латинский алфавит

3. Латын әліпбін үйренудің жолдары

Способы изучения латинского алфавита

Оқытушы:

Алғашкы сұрақ бойынша ойларыңызды ортаға салып, пікір бөлісіп отырсаңыздар. (Слайд 1 мәселе)

Екінші мәселе (Слайд 2)

Оқытушы:

Құрметті қонақтар, тіл үйренушілер, Ендігі кезекте назарларыңызды **Ситуациялық сұрақтар мен тапсырмаларға** аударсаңыздар, мысалы: (слайд тапсырмалар 2 тілде)

1. Сіздің жұмысыңызга «**ертеңен бастап іс жүргізу толығымен қазақша жүргізілсін**» деген облыстық басқармадан хат келсе, сіздер не істейсіздер және оған дайынсыздар ма?
2. **Жұмыс барысында сіздің кабинетіңзге қазақ тілін ғана түсінетін азамат келді, қалай сөйлесесіз және оның сұрақтарына жауап берे аласыз ба?**

Во время работы гражданин, который говорит только на казахском языке, пришел в ваш офис, как вы будете разговаривать и сможете ли вы отвечать на его вопросы?

3. Сіздер жаңа қазақ әліпбіндегі жазуга дайынсыздар ма? (**Слайд. Экранда әртүрлі сөздер беріледі, сөздерді жаңа қазақ әліпбіндегі жазу қажет.**) (Әр сұрақтан кейін жауаптары, пікірлері тыңдалады.)

ВИДЕОРОЛИК

Оқытушы:

Жауаптарыңызға рахмет! **«Латын әліпбі - мемлекеттік тілдің тірегі болуы тиіс»** - дейді келесі баяндамашы. Ендеше сөз кезегі орталық әдіскері **Мухаметжанова Жазира Мизамхановнада.**

Рахмет. Осы ретте үшінші мәселемізге тоқталайық. (**Слайд**)

(Сұрақтар қою, талқылау)

Оқытушы:

Құрметті дәгелек үстелге қатысушылар, ойлы, маңызды пікірлеріңізге, ой толауларыңызға үлкен рахмет. Бүгінгі дәңгелек үстелде барлық тілге қатысты мәселелерді талқыладық деп ойлаймын. Ендігі кезекте сіздерге **«Ең қыын тіл»** атты видеролик ұсынбақпын. Роликті көре отырып, сіздерде естіген, естеріңізде қалған Тіл туралы қызықты мәліметтерді естеріңізге түсіре отырыңыздар.

(Роликтен кейін тіл туралы қызықты мәліметтер)

1. Шығыс ғұламасы Әл - Фараби 70 - ке жуық тілді менгерген.

* * *

2. А. С. Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Көне еврей тілін зерттеген.

* * *

3. Ұлы Абай орыс - қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін менгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш менгерген.

* * *

4. Луначарский испан тілін 57 жасында үйренген екен.

* * *

5. Кибернетика “атасы” деп есептелетін Норберт Винер 13 тілді зерттеген.

Оқытушы:

Сергіту сәтіне кезек берейік.

Сергіту сәті: Ең ұзак сөздер. (слайд)

Гиннестің Рекордтар кітабына 2003 жылы ең ұзак сөз болып – «превысокомногорассмотрительствующий» сөзі енді. (Слайд. 35 әріп)

Орыс тіліндегі ең ұзак сөз

Ол «метилпропенилендигидроксициннаменилакриловая кислота» деген химиялық байланысқан қышқыл атауы болып табылады. (Слайд. 44 әріп)

Қазақ тіліндегі ең ұзак сөз.

«Қанағаттандыралмағандықтарыныздан» (Слайд. 33 әріп)

Оқытушы:

Бүгінгі іс-шарамыздың қорытындысы ретінде тағы бір бейнероликке назар аударыныздар.

ВИДЕОРОЛИК

Рахмет. Осы жерден дөңгелек үстелімізді қорытындылайық.

Рефлексия 6 қалпақ әдісі бойынша (слайд).

Рефлексия:

Рефлексияны біз 6 қалпақ әдісі бойынша жасаймыз. Әр қатысушыға ақ, көк, қызыл, сары, қара, жасыл түсті қалпақтар таратылып беріледі. Әр атысушы дөңгелек үстел қорытындысын шығарады.

«Ақ қалпақ» - дөңгелек үстелдің нәтижесінде алған деректерін келтіреді

«Сары қалпақ» - дөңгелек үстелдің тек жақсы жақтарын айтады.

«Қара қалпақ» - дөңгелек үстелдің кемшіліктерін айтады.

«Қызыл қалпак» - дөңгелек үстел барысында пайда болған көніл - күйін, айтады.

«Жасыл қалпак» - бүгінгі дөңгелек үстелден алған білімін қайда және қалай қолдануға болатынын туралы айтады.

«Көк қалпак» - қорытынды жасайды және пайда болған мәселелер мен сұрақтарды анықтайды.

(қатысушыларға 10 минут беріледі)

Қорытынды сөз:

Бүгінгі дөңгелек үстеліміз өз мәресіне жетті. Егеменді еліміздің тұғыры қашан да тіліменен биік. Тіл тағдыры туралы көкейді тескен көп ойлармен сусындардық. Тіл – тұғырлы темірқазығымыз. Қазақ тілі сіздердің басқа тілді менгерулерінізге ешқандай бөгет болмайды, қайта адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер болады. Өз Ана тілінің бүге-шігесіне, терен ірімдеріне бойлай білу – әрбір саналы азамат болғысы келетін адамның бірінші парызы. Осы азғантай уақыттағы айтылған сөздер мен ұлылардан қалған ой – пікірлерді көкіректерінізге мәнгі қалдырыңыздар дей отырып Абай атамыздың мына бір сөзімен аяқтағым келіп отыр.

(Слайд)

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Көніл бөліп тындағандарыңызға үлкен раҳмет!

«ТІЛ – ТҮҒЫРЛЫ ТЕМІРҚАЗЫҚ» тақырыбындағы

ДӘҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДІҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Уақыты	Іс-шара мазмұны	Жауаптылар
1		I кіріспе бөлім.	
	15⁴⁵-16⁰⁰	1. Ұйымдастыру кезеңі. Қатысушыларды тіркеу.	Арқалық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығының қазақ тілі курсының оқытушысы Смагулова Ж.К.
	16⁰⁰-16⁰⁵	2. Дәңгелек үстелдің ашылуы Дәңгелек үстелдің мақсат міндеттерімен таныстыру, қонақтармен таныстыру	
2		II негізгі бөлім	
	16⁰⁵-16³⁵	Баяндамалар	
		1. Қазақ жазуының тарихы: А.Байтұрсынов ұсынған қазақ әліпбійнің маңызы	Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ага оқытушысы Әуезова Ш.С.
		2. Латын әліпбі - мемлекеттік тілдің тірегі	Арқ+алық қаласы әкімдігінің қалалық тілдерді оқыту орталығының әдіскері Ж.Муханбетжанова
3	16³⁵-16⁴⁵	«Еркін микрофон»	
		Пікір алмасулар, ситуациялық сұрақтар, тапсырмалар, тілдер туралы қызықты ролик	Барлық қатысушылар
4	16⁴⁵-17⁰⁰	III Қорытынды бөлім.	
		1. Дәңгелек үстел жұмысы бойынша қорытындылау. Рефлексия	Барлық қатысушылар
		2. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» Қонақтарға кітапшалар табыстау, естелік суретке тусу	Барлық қатысушылар

**ДӘҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ АЯСЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОҚУЛЫҚТАР,
ОҚУ – ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ КӨРМЕСІ ӨТКІЗІЛЕДІ**